

«№37 орта мектебі» КММ

**2023-2024 оқу жылындағы
Педагог-ассистенттің жылдық есебі**

Педагог-ассистент: Алдашева О.Е

2023-2024

2023-2024 оқу жылындағы №37 орта мектебінің педагог-ассистентінің жылдық жүргізген жұмыстарының есебі.

2023-2024 оқу жылының 19 қыркүйегінен бастап 4 «А» сынып оқушысы Байғабыл Рахаттың педагог-ассистенті болып тағайындалдым.

Педагог-ассистенттің негізгі функциясы:

Оқушыға оқу процесіне енуге көмектеседі, ұйымдастырады, бағыттайды, жағымсыз мінез құлықты, эмоциялық және мінез-құлқындағы теріс әрекетінің алдын алады. Ол баланың мінез-құлқын бақылай отырып, өз бетінше оқу дағдыларын меңгеруге үйретеді, әрі қарай баланың өзі жасайтын жұмыстарын дербес орындауға қолдау көрсетеді.

Байғабыл Рахат 3 - қабатта орналасқан кабинетіне өз еркімен бара алады. Сыныпқа кіргеннен кейін сөмкесін жерге тастап, сырт киімімен кабинетке кіріп кететін. Кейіннен жаймен киімін шкафқа іліп, сөмкесін өзі отыратын партаға апарады. Нұсқаулықпен кітаптарын шығарады.

Үйде анасы телефон қарауын тоқтатқан, тек үй тапсырмасын орындауға құлқы болмаған жағдайда, арасында сол тапсырмаларды орындап болғасын, ноутбуктан мультфильм қаратады екен.

Сабақ барысында тақтадан көшіреді, әріптер мен сандарды таниды. Жазуы баяу, зейін шоғырлануы орташа болғаннан бір сөз жазғаннан кейін алаңдап кетеді де, үнемі ескерту арқылы жазады. Сабақ барысында алғашқы 20-30 минутында жақсы отырады, кейін сабақ үстінде орнынан тұрып кабинетті аралап келіп, қайта орнына отырады. Алғашқы сабақ үнемі математика сабағы болады. Есептерді менің көмегіммен шығарады. Қосу және азайту есептерін саусақтарының және калькулятор көмегімен есептейді. Сызғышпен кітаптағы фигураларды сызады. 4 жол өлең шумақтарын жаймен жаттайды. Мәтінді оқиды, бірақ түсінігін айта алмайды. Суреттерге қарап іс-қимылын айтады.

Сабақ кестесіне сәйкес күнде 3 және 4 сабақтарда дефектолог, логопед, психолог сабақтарына жеке қатысады.

Сабақ үстінде мұғалім басқа оқушыларға ескерту жасағанды ол өзіне тікелей қабылдап, жағымсыз мінез көрсетеді.

Сабақ үстінде қимыл қозғалысы көп болып, стимулы көтерілген жағдайда, оқушыларға кедергі келтірмеу үшін, оңаша психологтың кабинетіне апарамын. Диктант жазып, есептер шығарып, кітап оқытамын. Танымдық процестерді дамытатын және ритмикалық жаттығулар жасатамын.

Сурет салғанды ұнатады (машина, робот, миньон, пингвин) суреттерін салады. Ағылшын әріптерін өз қиялымен ауыз, көз салып қояды. Суретті өз түстеріне қарай бояйды. Сурет салудан байқауларға қатысып

марапаттар алды. Карандаш ұштағаннан кейін қалдықтарын қоқысқа тастайды. Өздігінен басқа адамдармен сөйлеспейді, сұрақ қойғанда қысқаша жауап береді, өзіне қажет кезде сөзбен түсіндіреді. (асхана, дәретхана, ұштағыш). Асханаға барғанда аспазшы апаймен амандасып, өз тамағын сұрап, орнына отырып жейді.

Көріп есте сақтау қабілеті жақсы, пазыл, конструкторларды оңай құрады. Жануарларды ажыратады және қандай дауыс шығаратынын айтады. Ермексазбен мүсіндік жұмыстар жасайды. Ритмикалық өлеңдер ұнайды, естіген әндерін үнемі айтып жүреді. Қимыл қозғалысты ұнатады, дене шынықтыру сабағында ашық алаңда өзі жүгіреді, сыныптастарына қосылмайды. Менің көмегіммен оқушылармен бірге жаттығу орындайды. Сыныптас қыздары арасында бірге ойнайды. Оқушылардың есімдерін толық білмейді. Тек үнемі айтатын 3-4 оқушы атын жатқа біледі. (Нұрсұлтан, Аймира, Диас, Ықылас). Егер өзіне қатысы жоқ заттарды алған жағдайда «болмайды» деген сөзді тез түсінеді.

Сыныптастырмен бірге Т.Ахтанов атындағы Драма театрға «Арыстан патша» қойылымына барды. Қойылым ұзақ болғанмен соңына дейін жақсы отырды, тек әртүрлі дыбыстар айтып отырды, себебі қатты дыбыстарды ұнатпайды.

Мектепте ұйымдастырылған «Жаңа жыл» мерекесіне қатысып, ортаға шығып тақпағын айтып, аяз атадан сыйлығын алды.

Биыл 4 сыныпты аяқтау қорытынды концерттік іс-шараға қатысып, Рахат жаттаған таппағын оқушылармен бірге айтты.

Рахаттың өзіне тән қоршаған ортаны қабылдауы өзгеше болғандықтан, күз – көктем айларында өзіне тән мінез-құлықтарында өзгерістер (стимдер) болады. Сол уақытта сабақ үстінде айқайлау, кенеттен шыңғыру, көп қозғалыс болады.

Үйдегі және мектептегі іс-әрекетін дәптерге күнделікті жазылып отырды. Ата-анасымен тығыз байланыс орнатылды.

Мектеп директоры  А.С.Назиков

Педагог-ассистент  О.Е.Алдашева



